



БЕКІТЕМІН:

Жетісай облысының

Білім басқармасы басшысы

М.Сулейменов

« \_\_\_\_\_ » 2023 жыл

## «Үздік ауыл мектебі» облыстық байқауының Е Р Е Ж Е С І

Білім басқармасы, облыс Әкімінің қолдауымен «Үздік ауыл мектебі» байқауының облыстық кезеңін ұйымдастырып өткізеді.

Осы ереже облыстық байқау өткізудің мақсатын, міндеттерін, ұйымдастыру тәртібін, байқауды өткізуді, қатысушыларды, нәтижелерін бағалауды және жеңімпаздарды анықтайды.

### **1. Байқаудың мақсаты мен міндеттері:**

Байқау шығармашылықпен, озық инновациялық режимінде жұмыс жасайтын білім беру ұйымын анықтау, қолдау, мадақтау және тәжірибесін насихаттау мақсатында өткізіледі.

### **2. Байқауға қатысушылар**

Байқауға облыстағы ауылдық жерлерде орналасқан жалпы білім беретін мектептер оқыту тіліне және меншік түріне қарамастан қатыса алады.

### **3. Байқаудың өткізілу мерзімі мен тәртібі.**

3.1. Байқауды ұйымдастыру мен өткізу үшін ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі – Ұйым комитет) құрылады.

3.2. Бағалау жүргізу мақсатында қазылар алқасы құрылады. Қазылар алқасы құрамына «Өрлеу» БАҰО филиалы Жетісай облысының өкілдігі, ҮЕҰ, Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, облыстық әдістемелік орталығы мамандары кіреді.

3.3. Қазылар алқасы жұмыстардың сапасын, мазмұнын білім беру ұйымының шығармашылық және кәсіби деңгейін бағалай отырып, жұмыс жүйесінің негізгі идеясының маңыздылығы мен дәйектілігін, бірізділігін қадағалайды. Қазылар алқасы шешімі хаттамамен толтырылады.

3.4. Байқау екі кезеңде бетпе-бет өтеді.

*Бірінші кезең* аудандық (қалалық) білім беру бөлімдерінің базасында өткізіледі.

*Екінші кезең* облыстық Жетісай облысы білім басқармасы

**2023 жылдың 22 қыркүйегінде** өткізеді.

### **4. Құжаттарды өткізу тәртібі**

#### ***Қатысушының құжаттары:***

4.1. Аудандық, қалалық білім бөлімінің сұранысы.

4.2. Білім беру мекемесі жетістіктерінің портфолиосы.

Облыстық кезеңге қатысу үшін құжаттар мен білім беру мекемесі жетістіктерінің портфолиосы **2023 жылдың 20 қыркүйегіне** дейін өткізілуі керек.

Байқау материалдары 2023 жылдың **20 қыркүйегіне** дейін облыстық әдістемелік орталығына тапсырылуы тиіс.

Байқауға ұсынылған құжаттар қайтарылмайды.

### **Байқаудың мазмұны**

Байқау барысында шығармашылықпен, озық инновациялық форматта жұмыс жасайтын білім беру ұйымы анықталады.

Байқау келесі кезендерді қамтиды:

**1 кезең** - байқауға қатысушы ұжымның өзін-өзі таныстыруы – 5-7 минут.

**Бағалау 10 балдық жүйемен бағаланады.**

#### **Бағалау критерийлері:**

- соңғы 3 жылдағы жұмыс нәтижелерін көрсете білуі;
- педагогикалық және көшбасшылық команданы құру және басқару;
- ілгері идеяларды қолдану;
- тәжірибелік құндылығы, ерекшелігі.

**2 кезең** - «Білім беру ұйымының моделі» (мектептің жұмыс жүйесінің моделі) – 7-10 минут.

**Бағалау 10 балдық жүйе бойынша жүргізіледі.**

**Бағалау 10 балдық жүйемен бағаланады:**

- инновациялылығы (жаңашылдығы, идеялары және мазмұнының ерекшелігі);
- практикалық жұмыстарының өзектілігі (нәтижелерді жобалауы, жобаны енгізу және тарату мүмкіндігі, практикалық жұмыстардың нәтижесінде жинақталған ресурстардың шынайылығы);
- таныстыра алу икемділігі (жобаны ұсыну мәдениеті, аудиторияның назарын аудару және әрекеттесуі).

**3 кезең** - **Білім беру мекемесі жетістіктерінің электронды портфолиосы**

Портфолиода мектептің оқу-тәрбие жұмысының нәтижесі жинақталады.

**Бағалау 10 балдық жүйе бойынша жүргізіледі.**

**Бағалау критерийлері:**

- аналитикалық талдамаларының толықтығы (мектептің өзекті мәселесінің оқу үрдісінде іске асырылуы);
- педагогтердің кәсіби жетістігі (облыстық, республикалық);
- оқушылардың жетістіктері мен нәтижесі (облыстық, республикалық);
- білім сапасының көрсеткіштері мен жетістіктері (соңғы 3 жыл), оқушылардың бос уақытының ұйымдастырылуы мен оның көрсеткіштері, нәтижесі, жетістігі;
- мектеп тәжірибесінің насихатталуы, таратылуы (озық іс-тәжірибенің облыс, республика көлемінде таратылуы);

## **Білім беру мекемесі жетістік портфолиосы:**

### ***Мектепті басқару***

- мектепті басқару жүйесі /миссиясы, мақсаты, міндеті, бақылау, нәтижесі /
- мектеп пен әлеуметтік ұйымдардың келісім шарт пен актілерде көрсетілген іскерлік байланысы.

### ***Педагогикалық кадрлар***

- мұғалімнің кәсіби деңгейін жетілдіру және жаңа форматтағы педагогты қалыптастырудағы мектептің жұмыс жүйесі /педагогтардың түрлі байқауға қатысу қорытындысы, авторлық курс ұйымдастыруы, ізденіс жұмысы, жаңа буын оқулығы мен оқыту-әдістемелік кешенді енгізу/.

### ***Оқу үрдісінің жағдайы және мониторингі***

- оқушылардың үлгерім сапасы /нақты білім сапасы, пәндер бойынша білім, білік, дағды деңгейі, олардың бағдарламалық талаптарға сай келуі, оқушылардың облыстық, республикалық, халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жоба жарыстарына қатысуының динамикасы және қорытындысы.
- “Алтын белгі” белгісін алған мектеп бітірушілер саны (өткен оқу жылдарымен салыстырмалы түрде)
- халықаралық, республикалық олимпиада, ғылыми жоба жарыстарының жүлдегерлері.

### ***Тәрбие жұмысы***

Білім беру ұйымдарында тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін тиімді енгізудің шарттарын ашып көрсету;

- заманауи басым жалпы адамзаттық, ұлттық және этномәдени құндылықтар негізінде тұтас тәрбие процесінде білім алушылар тұлғасының және олардың отбасыларының, мектептің, мемлекеттің, балалардың азаматтық қоғамы, қоғамдық ұйымдарының бірлескен іс-әрекеттерін қамтамасыз ету;
- құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстары.

### ***Байқау жеңімпаздарын марапаттау.***

Байқаудың барлық сынақтары нәтижесінде қазылар алқасы I, II, III орын алған жеңімпаздарды анықтайды.

«Үздік шағын жинақты мектеп», «Мектептің білім беру қызметіндегі инновациялық жоба», «Шығармашыл мектеп» номинациялары және байқауға қатысушыларға білім басқармасының Алғыс хаты табыс етіледі.

*Тексерілген*